

Басты назарда

ЭКОЛОГИЯ ЖЫЛЫ

16 наурыз күні «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында облыс әкімі Серікбай Трұмовтың өңір ақсақалдарымен кездесуіне қатысып, оларды келіп жеткен Амал және Наурыз мерекелерімен құттықтады.

Сонымен қатар, А. Айдарбаев өңірдегі ешнiлес өндiрушi және мұнай-сервис компаниялары басшыларының қатысуымен жиналыс өткізіп, олардың 2020 жылдағы қызметінің қорытындысы бойынша есептерін тыңдап шықты.

«Өткен жылы ешнiлес және тәуелдi ұйымдар ОПЕК+ келiсiмi аясында мұнай өндiру бойынша мiндеттемелерiн негiзгi өндiрiстi сақтай отырып орындағанын атап өткiм келедi. Барлық өндiрiстiк бағдарламалар қауiпсiздiк техникасына сай



іске асырылды – апаттық жағдайлар мен өлім-жітімсіз. Бұған қоса, дер кезінде қабылданған дағдарысқа қарсы шаралардың арқасында өңірлерде өндірісте еңбек етіп жүрген қызметкерлердің қысқартылуына жол бермеді», – деді А. Айдарбаев.

Сондай-ақ, ҚМГ басшысы 2021 жылға жоспарланып отырған өндірістік мақсаттар туралы сөз қозғады, соның ішінде мұнай өндіру процесін цифрландыру, қолданыстағы ұңғымалар қорын зерттеу мен талдау және т.б. жөнінде. Мұнымен қатар, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығы баса айтылды. ҚМГ Басқарма төрағасының шешімімен 2021 жыл «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобы бойынша Экология жылы болып жарияланды.

Компания тынысы

ҚАЛДЫҚСЫЗ ӨНДІРІС

Жер қойнауын пайдалану кезінде қоршаған ортаға залал келтірмеу - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұстанатын экологиялық саясаттың негізі. Соңғы жылдары осы бағытта тың жұмыстар басталып, Компания енішіне кенестік дәуірден «мұраға» қалған мұнай қалдықтарымен ластанған жер телімдері мен топырақ үйінділерін жою жұмыстары жолға қойылды.

«Жетібай мұнайгаз» ӨБ ғимаратында өткен дөңгелек үстел форматындағы кездесуден кейін шара қатысушылары тазартылған жер телімдерін көріп, жұмыстардың оң нәтижесімен көзбе-көз танысуға мүмкіндік алды. Осы орайда баспасөз-турына қатысқан «Табиғи орта» Батыс Қазақстан үкіметтік емес ұйымдары өңірлік ассоциациясының төрағасы, «Есојет» республикалық қауымдастығының Маңғыстау облысы бойынша өңірлік экологиялық кеңесінің мүшесі, тәуелсіз эколог, биолог Әділбек Қозыбақов Компания атқарған жұмыстар туралы өзінің ойын былай деп жеткізді:

- Бүгін «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясына тиесілі Жетібай кенорнын аралап, Кенес заманынан қалған мұнай өнімдерімен ластанған топырақтарды тазарту жұмыстарымен таныстық. Шынын айту керек, жасалып жатқан жұмыстар мақтауға тұрарлық деңгейде. Сондай-ақ, Компа-




жұмыстар экологиялық талаптар мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнамалардың баптарына толықтай сай келіп тұр. Сондай-ақ Компанияның жасалған жұмыстар нәтижесін өлкенің БАҚ өкілдері мен тәуелсіз эколог мамандарға таныстыру туралы бастамасы да құптарлық іс.

Жүрмелі жиын барысында шара қатысушыларына алға қойылған жұмыстардың жоспары да жария етілді. Қалдықтарды жою жұмыстарын аяқтау 2024 жылға бекітілген. Кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын жұмыстар барысында тағы да жалпы көлемі 40 га. жуық жерді құрайтын қалдықтарды жою көзделіп отыр. Бұл туралы Компания қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің қоршаған ортаны қорғау қызметінің бастығы Жаннат Егізбайқызы айтып берді:

- Биыл қалдықтарды жою жұмыстарының кезекті кезеңі мәресіне жетті. Келесі кезеңнің мердігерлері жуырда өтетін сатып-алу жұмыстарының нәтижесінде белгілі болады. Оларға қойылатын талаптар да өзгеше болмақ. Мәселен, бұдан былай ластанған топырақты тазалаумен айналысатын мердігерлердің өндірістік базалары мұнай кәсіпшілігінің аумағында орналасатын болады. Бұл Компания тарапынан болатын бақылау жұмыстарын да күшейтуге мүмкіндік береді.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы экологиялық қауіпсіздік мәселесі тек қана Компания қызметіне емес, жалпы қоғамның бақуатты болуына тікелей әсер ететін мәселе деп біледі. Сондықтан, ескі полигондар мен қалдықтарды жою, мұнай мен газ өндіру процесстерін адамдар мен қоршаған орта үшін қауіпсіз технологиялармен ұштастыра отырып жүргізуді аса маңызды деп есептейді.



Осы бағыттағы жұмыстардың жай-күйімен таныстыру үшін 10 наурыз күні «Жетібай мұнайгаз» ӨБ объектілерінде қоғамдық ұйымдар мен БАҚ өкілдері, сондай-ақ Маңғыстау облысы экология басқармасы мамандары қатысқан пресс-тур өтті.

Шара «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ тарапынан «тарихи» мұнай қалдықтары полигондары мен топырақ үйінділерін жою, жер бедерін тазарту, топырақ құнарлылығын қалпына келтіру бағытында арнайы жүргізілген жұмыстардың кезекті кезеңінің аяқталуына арналды. Атқарылған жұмыстар туралы Компания бас директорының бірінші орынбасары Қалбай Әжімбайұлы Ізмұханов кеңінен тоқталып, көшпелі жанына қатысушы азаматтардың сұрақтарына жауап берді:

- Аталған жұмыстарға 2019 жылы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» акционерлік қоғамы мен Экология, геология және табиғи ресурстар Министрлігі арасында жасалған Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы Меморандум жана серіпін берді. Нәтижесінде, Компания тарапынан жасалған тұрақты қаржыландыру мен жаңа технологияларды жұмылдырудың



арқасында Компанияның келісімшарттық аумақтарында орналасқан жалпы көлемі 6,5 га. болатын мұнаймен ластанған «тарихи» топырақ үйінділері мен 10 полигон жойылып, олар орналасқан жер телімдері тиісті сынамалардан кейін мемлекеттік бақылау органдарына тапсырылды. Тазартудан өткен топырақтың құрамындағы көмірсутегі заттарының қалдық үлесі қазір 1000 мг/кг көрсеткіштен аспайды. Бұл қалыпты жағдай. Жүзеге асырылған жұмыстардың түпкі мақсаты қолайлы қоршаған ортаны сақтау болып табылады.

нияның осы тұрғыда ұстанған «ашықтық» позициясы да қуанғанды. Жақсы әсердеміз. Енді осы үрдісті өзге де мұнай компаниялары жалғастыра екен деген лебіміз бар. Жұмыстар осы қарқынды жалғаса беретін болса, жер бедері толық тазаланып, қалдықтардан босаған телімдерді басқа да мақсаттарға қолдануға болар еді.

Баспасөз-турына «ЭКО-Маңғыстау» үкіметтік емес ұйымының жетекшісі Кирилл Осин мырза да қатысты. Оның айтуынша Компания тарапынан атқарылып жатырған

В центре событий

НОВАЯ ЛАБОРАТОРИЯ ОБЛЕГЧИТ ТРУД

Прекрасный подарок на светлый праздник Наурыз получили нефтяники месторождения Каламкас акционерного общества «Мангистаумұнайгаз»: накануне здесь открылся новый производственно-лабораторный комплекс цеха научно-исследовательских и производственных работ (ЦНИПР).



Открытия нового комплекса на Каламкасе ждали давно: прежняя лаборатория, построенная почти двадцать лет назад морально и физически устарела, работникам в буквальном смысле было негде развернуться в тесных комнатах. В связи с этим возникла необходимость в строительстве лабораторного комплекса, отвечающего современным стандартам и новым реалиям.

После торжественной церемонии разрезания красной ленточки и вручения символического ключа, собравшиеся осмотрели производственно-лабораторный комплекс. Общая площадь нового здания составляет 1200 квадратных метров: на первом этаже расположена лаборатория химического анализа сырой нефти, попутно добываемой и закачиваемой воды, на втором – лаборатория нефтепромысловых исследований, лаборатория анализа фонда скважин, мастерская контрольно-измерительных приборов, кабинеты руководителей и работников, бытовые комнаты, зал совещаний, комнаты отдыха и многое другое.

Открытие нового производственно-лабораторного комплекса – это важное событие для нефтяников Каламкаса, – отметил заместитель начальника ЦНИПР Суиндик Уалиев. – Пользуясь случаем хочется поблагодарить руководство, строителей и специалистов за такой прекрасный подарок. Новый комплекс, оснащенный современным оборудованием, позволит нам проводить более 1000 исследований в день, обеспечить высокий уровень промышленной безопасности, увеличит производительность труда. Также важно отметить, что значительно улучшились и условия труда для персонала. В одну вахту здесь будут работать более 50 работников, я думаю, они по достоинству оценят созданные условия для труда.

Суточная добыча на месторождении Каламкас составляет более 9700 тонн нефти. Теперь с открытием нового лабораторного комплекса, сотрудникам будет значительно удобней и проще отслеживать качество сырой нефти и добываемой воды.

Весна – пора обновления и расцвета, время, когда первые лучи яркого солнца, еще не греющие, но уже сверкающие, пробуждают землю от зимней спячки. Вот и для нефтяников Каламкаса первые весенние дни стали действительно яркими и праздничными – накануне здесь на базе цеха комплексной подготовки и перекачки нефти (ЦКППН) распахнула свои двери новая столовая.

ОБЕД ПО РАСПИСАНИЮ

Новенькая столовая, рассчитанная на 75 мест, – украшенная в этот торжественный день, шарами и разноцветными лентами, – стала прекрасным подарком для работников месторождения в преддверии праздников Аман и Наурыз. После традиционной церемонии перерезания красной ленточки и



– Раньше на завтрак и ужин нам приходилось ездить в вахтовый поселок, а обед был привозным, – отмечает и.о. заместителя начальника ЦКППН ПУ «Каламкас-мұнайгаз» Мажит Шаров. – Теперь же мы полноценно питаемся в новой комфортабельной столовой рядом с цехом, все блюда очень

обряда «шашу» гости мероприятия могли воочию увидеть и оценить условия, созданные для нефтяников. Просторная столовая оснащена цехами и всем необходимым оборудованием для приготовления пищи: на выбор посетителей будет представлен широкий ассортимент первых и вторых блюд, салатов, разнообразной выпечки др. Сытные и вкусные завтраки, горячие обеды и ужины – дело рук сотрудников ТОО «CASPIAN FOOD», на хрупких плечах которых лежит забота о пропитании нефтяников.

– В первую очередь поздравляю работников Каламкаса с наступающими праздниками, – говорит старший технолог Жұмагул Адилова. – Наш дружный коллектив приложит все усилия, чтобы нефтяники были сыты и довольны.



вкусные, а ассортимент разнообразный, большое спасибо за созданные условия.

Остается добавить, что работа по созданию достойных социально-бытовых условий, условий безопасного труда для нефтяников будет продолжаться и останется одним из главных приоритетов в деятельности акционерного общества «Мангистаумұнайгаз».

Қайырымдылық

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ



Аман мерекесі қарсаңында Жетібай ауылында орналасқан мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған психологиялық-педагогикалық түзету орталығында ерекше бөлмені ашылу рәсімі өтті. Жана бөлменің жан-жақты жасақталып ашылуына «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасы ұйытқы болған.

Салтанатты шараға жиылған жұртшылық оңалту орталығында ем алып жүрген бүлдіршіндердің мерекелік концертін тамашалады. Орталықтың эңбі балапаны Кәусар Мәди «Анашым» әнімен әрбір жанның жүрегін тебентте білді. Балалар ата-аналары мен өздеріне қамқорлық көрсетіп келе жатқан мекеме қызметкерлеріне тілек-ниеттерін өлең-жырмен жеткізіп, көрермендерге қуаныш сыйлады.

– Күрметті қоғамдастар, баршаңызды Аман мерекесімен құттықтаймын. Алдымен

орталығымызда қызмет алатын балапандарымызға арнап осындай кереметтей кабинетті ашуға үлкен көмек көрсеткен «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасына ризашылығымызды білдіргім келеді. Адам жанының табиғатпен тығыз байланыста екеніне ерекше назар аударып, балаларымыздың денсаулығына оң ықпал ететін «Табиғат аясында» бөлмесін сыйлап жатқандарыңыз бәрімізді ерекше қуанытты отыр. Біз бұл бастамадан үлкен нәтиже шығады деген үміттеміз. Осы сауапты жұмысқа жұмыла атсалысқан азаматтардың барлығына айтар алғысымыз шексіз. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін, еліміз тыныш, балаларымыздың болашағы жарқын болсын, – делі педагогикалық-психологиялық түзету кабинетінің директоры Күмісай Муратова.

Өз кезегінде «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ басшысы Қалмыра Бүркітов жана бөлмені ашуға ұжымдағы қызметкерлер бірлесіп үлес қосқанын атап өтті.

– Қазақта «Жалғыздың үні, жаяудың шаны шықпас» деген нақыл бар. Бұл бір ғана адамның емес, мекемеміздегі қызметкерлердің атсалысуымен жүзеге асты. Барлығы «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» жана бөлмені керек-жарқатармен қамтуға тырысты. Айта кетерлігі, осындағы керек дүниенің денін біздің мұнайшылар өз қолдарымен жасады. Осы азаматтардың барлығына да рахмет айтамын. Балалардың

сауығып кетуіне шын жүректен тілектеспін, – дейді К.Бүркітов.

«Балаларға көмек көрсету, оларды сауықтыру – бізге жүктелген басты міндеттеріміздің бірі. Жана бөлмені ашып жатқан «Жетібай-мұнайгаз» мекемесіне алғыс айтамыз. Мемлекет тарапынан балаларға арқашан қолдау жасалады, тиісті қаражат та бөлінген отыр. Жергілікті бюджетті нақтылау кезінде Жетібай ауылына инноватсия алдыруды көздеп отырмыз. Алдағы уақытта шешімін күткен шаруаларды бірлесіп іске асырамыз. Балалар тезірек сауығып кетсін. Аман мерекесі баршаңызға құтты-берекелі болсын», – деді Қарақия ауданының әкімі Қыдырберді Беков.

Оңалту орталығында 70 мүмкіндігі шектеулі бала ем алып жүр. Әр балаға үш маман – психолог, сурдопедагог, деффектолог бөлінген. Ем-шаралардан кейін мамандар түзеу жұмыстарын жүргізеді. Бірінші ауысымда таңнан түске дейін, екінші ауысымда түстен кешке дейін балалар осындай жақетті ем-шараларын алады.

Орталық емдік-денешынықтыру бөлмесімен қамтылған. Онда тірек-қимылы әлсіз балалар массаж алады, мамандар анайы құрал-жабдықтармен бүлдіршіндердің булық еттерін қозғап, оятады. «Орталық ашылғалы қызым ем алып келе жатыр. Осында қызыммен жұмыс істейтін апайлары өте жақсы. Қызым орталыққа келуге күнде асығады. Ем алғалы жақсы нәтижелерді көріп келеміз. Қызымның денсаулығы бұрынғыдан әлдеқайда



жақсарды. Бүгін міне «Табиғат аясында» бөлмесі ашылды, оған да қызым қатты қуанып жатыр. Баланың қуанышы – біздің қуанышымыз. Барлығына, осы мекеменің қызметкерлеріне, «Маңғыстаумұнайгаз» басшылығына да алғысым шексіз», – дейді Сәнбібі Исмағұлова есімді ата-ана.

Мұнда ем алатын балалар табиғатынан ерекше болғандықтан, оларға «Табиғат аясында» бөлмесінде жүргізілетін түзету жұмыстары ауадай қажет. Мәселен, мамандар сойлей алмайтын балалардың ұстап сезуі жоғары болатынын айтады. Ал жана ашылған бөлмеде олар табиғат аясында жүргендей әсер алады, әртүрлі құстардың дауысын тындайды, осының барлығы ем алушы балалар денсаулығы үшін өте үлкен маңызға ие. Бөлмеде балаларға арналған әткеншектер, шайқалмағы орындықтар қойылып, субұрқақ орнатылып, айнала түгел табиғат көріністерімен көмкерілген. Мекеме қызметкерлері мен ата-аналар балаларға арналған осындай ем-шаралардың нәтижелері де мол боларына сенім артады.

Жайық НАҒЫМАШ
«Мангистау Медиа»

МІНДЕТІ МОЛ «MEDITERRA»



- Әзірбай Жүрсінбайұлы, сұхбатымызды бастамас бұрын өткен жылды қортындылап аласақ, әлемді дүрлістірген пандемия қойылған мақсаттарға жетуге кедергі болмады ма?

- Әрине кедергі болды. Өйткені уақытылы жұмыс жасап тұрған емханаға карантин кезінде адамдардың еркін кіріспеуі екіталай еді. Пандемия жарияланғанда біз де онлайн режимге көштік. Телефонмен сөйлесу арқылы диагноз қою өте ауыр, күрделі болды. Бірақ жыл қортындысы бойынша негізгі жұмыстар орындалды. Қысылтаң кезде емделушілерге көмек көрсетумен қатар жылдағы міндетті медициналық байқауларды да өткізіп үлгердік. Олардың қортындысы бойынша жұмыстар атқарылып жатыр. Ауырып қалған дәрігерлеріміз де болды, олардың жұмысы басқалардың иығына жүк болды. Дегенмен аз уақыт ішінде ес жиып, негізгі міндеттерімізді атқардық. «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы мен Каспиподак және біздің клиникамен жасалған ұшжақ желісіншарт негізінде жылғына 25 млн. теңгеден астам қаражат тек дәрі-дәрмекке жұмсалады. Мысалы өткен жылы 29 297 678,14 теңгеге науқастардың еміне дәрілік заттар алынды.

- COVID-19 бәсеңсімей тұр, Қаламқас, Жетібай кеңорындарында індеттің алдын алуға қандай шаралар жасалында?

- Бұл енді халықаралық деңгейдегі проблема ғой, сондықтан оған Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы араласып жатыр. Содан соң, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрлігі мен Қазақстанның Бас мемлекеттік санитарлық



дәрігері бар, бірнеше қаулылар шығып сол қаулыға сәйкес жұмыстар жүріп жатыр. Кез-келген инфекциялық ауру кезеңіндегі мақсат - науқас адамды сау адаммен бастарын қоспай, оқшаулау. Сондықтан вахтаға кетіп бара жатырған адамдардан ПТР анализ алып, іріктен отырдық. COVID арнайы провизорларда емделеді. Осыған орай Қаламқаста обсервациялық госпиталь ашылды. Вахта ауысар алдында анализдер тексеріліп, оң нәтиже бергендер қалаға жіберілмей сол жерде бақыланды. Екінші мәселе, қалада жүріп ауырған, аса ауыр халде емес науқастардың өзі емге зұр болып қалды. Емханалар жабылып, қатаң карантин орнады. Халыққа өте қиын болды. Сол кезде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы ұсынысымен ақылдаса отырып ведомствалық емдеу орны ретінде осы жерден 20 орындық провизорлық госпиталь аштық. Науқастар қала ішінде баратын

Бар байлықтың бастауы – денсаулық. Қазір озық медицина сырқаттың қандай түрі болса да анықтап бере алады. Десек те, батпаңдап енген кеселден арылудың өзі ақ халаттылардың білімі мен біліктілігіне байланысты. Өндірісті өлкенің жылдың төрт мезгіліндегі алақуының мінезіне тәзіп, тер төгіп жүрген мұнайшыларына медициналық қызмет көрсететін «Хирургия институты» ЖШС ұжымының атқарып келе жатқан жұмыстары да атан түйеге жүк боларлықтай. Әлемді жайлаған коронавирус індетінің таралуына жол бермеу бағытында атқарылған жұмыстар мен басқа да көкейкесті мәселелер жөнінде «MEDITERRA хирургия институты» ЖШС Ақтау қаласындағы филиалы директорының кеңесшісі Әзірбай Жүрсінбайұлымен өткен сұхбатты ұсынамыз.



болды. Мұндай жұмыстар күні-түні жасалып жатты. Биылғы жылдың наурыз айынан бастап бұл жұмысты тендерлік сатып алу нәтижесінде басқа компания жасап жатыр. Олардың қандай қиындықта қызмет жасап жатқаны оны бастан өткізген бізге әбден түсінікті.



дәрігер табылмағанда осында келіп, қаралып, арнайы ашылған екі медбикелік постта қаралды. Барлық жер жабық кезде мұнайшыларымыз сандалмай осы жерден біраз көмек алды. Карантин болған кезде дәрігер мамандарымыз кезекшілікке тұрды. Рентген және лаборатория кабинеттері жұмыс жасады. Компания қызметкерлерін қала халқына қоспай белгілі уақытпен қабылдадық. Әрине бұл жұмыстарды ұйымдастыру кеш қолға алынған болар, өйткені біздің де басында абдырап қалдық. Тәжірибеде бұрын кездеспеген жана қатерлі жұқпалы ауру әлем бойынша үлкен қиындықтар туғызғаны түсінікті жайт. Ешкім күтпеді ғой, бұлай болатын. Соңғы жағынан мобильді топтар ұйымдастырдық. Оң нәтиже болып үйде жатырған науқастарға телефонмен онлайн консультация беріп қоймай, дәрілерін де жеткізіп беріп жатырмыз. Ол жұмыстар қазірдің өзінде жалғасын табууда. Сондай-ақ, поликлиника құрамындағы дезинфекциялық топтың құрамы көбейтілді. Өйткені Компанияға келетін жүктер қоймаға кетпес бұрын зарарсыздандырылып, көлік жүргізушілері де бақылауға алыну керек

- Мұнайшылар көбіне қандай ауруларға шағымданады, оларға айтар дәрігерлік кеңесіңіз?

- Ауруды табудың екі түрі бар, бірінші келген науқасты қарау арқылы, екінші міндетті медициналық байқау кезінде анықталады. 2020 жылы жанадан 181 науқас адам тіркелді, 168-і стационарға, 137-і санаторлық-курорттық емге жіберілсе, 58 адам диспансерге есепке алынды. 11 адамға ота жасалды. Диспансерлік ауру дегеніміз науқастардың бойындағы сырқаттың «қозғалысы» динамикалық байқау болып табылатындықтан оларды жылғына қажетті деңгейде бір-екі рет шақырып, қажетті анализдер тапсыртып, қосымша зерттеулерден өткізіп, қортындылары бойынша ем тағайындап, денсаулығын нығайту бағытында жұмыстанады. Жалпы соңғы үш-төрт жылдықтағы анализ бойынша Қоғам қызметкерлерінің арасында ең бірінші орында тыныс ағзаларының ауруы, екінші орында сүйек-буын аурулары, содан кейін барып жүрек тамыр аурулары тұр. Соңғы кездері қант диабеті секілді эндокринологиялық аурулар да көбейіп кетті. Мұндай көрсеткішті біз мұнайшылардың ыстық-суыққа қарамай далалық жағдайда, шап төпқарақта жұмыс жасауымен, белгілі дәрежедегі ауыр физикалық еңбекпен және қазіргі бүкіл

адамзатқа ортақ тамақтанудағы өзгерістермен байланысты деп ойлаймыз.

- Мұнайшылар көкейіндегі маңызды сұрақтар: ауырып келген мұнайшыны қажет болған жағдайда басқа қалаға емдету жағы қарастырылған ба? Орталықта жоқ дәрігерлерге қаралу жағы қаншалықты жолға қойылған? Мұнайшылардың үш тумаласына қандай деңгейде медициналық көмек көрсетіледі?

- Келісім-шартта тумаластарға қатысты медициналық қызмет түрлері де қамтылған. Онда жаңа мүшелеріне рентгеннің барлық түрлеріне тегін түсіп, дәрігерлерден кеңес алу, кардиограмма, анализдер тапсыру қарастырылған. Дәрі-дәрмектерді өздері алады. Басқа қалаға қатысты сұрағыңызға, науқастар біздің орталыққа барып тегін амбулаториялық ем ала-алады. Бізгеі жағдайдың бәрі ол жерде де жасалады. Ал жатып емделу ақылы. Оған 15% жеңілдік көрсетіледі. Орталықта жоқ дәрігерлер мәселесіне келер болсақ, емхана Ақтау қаласындағы мемлекеттік және жеке медициналық компаниялардың (Облыстық аурухана, INUTRO, ОЛИМП зертханалары, облыстық ЖИТС/СПИД орталығы, Ұлттық сарптама орталығы, облыстық онкологиялық диспансер, №1-2 қалалық емханалар, УДЗ-Доплер және т. б.) қызметтерін пайдаланады. Олардың ішінде ревматолог, нейрохирург дәрігерлерінің қызметі де бар.

- Дәрігерлердің кәсіби деңгейіне тоқталсақ, олардың білімдерін жетілдіріп отыру қаншалықты қолға алынған?

- Дәрігерлерді мамандандыру Қоғам қарамағында болған кезде қарағанда әлдеқайда жақсарды. Қызметкерлеріміз жүйелі түрде біліктілікті арттыру институтында, білім беру ұйымдарында кәсіби деңгейлерін көтеріп отырады. 2020 жылы клиникамыз ҚР Денсаулық сақтау саласында қабылданған барлық талаптарға жауап беретіндігін куәландыратын аккредиттеу рәсімінен сәтті өтті. Бүгінде ұжым тұрғындар арасында емдік-профилактикалық жұмыстарды жүргізу мен медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту жұмыстарын одан әрі жалғастыруда және болашақтағы жұмыстарын одан әрі жоспарлауда.

Қортындылай айтсақ, бәрі жақсы деуге әсте болмайды. Кемшіл тұстарымыздың, жетістіре алмай жатқан жерлеріміздің бар екенін білеміз. Науқастар тарапынан айтылатын сын да, жұмысты жақсартуды сұрайтын ұсыныстар да жеткілікті. Медицина саласының халық тарапынан әлем бойынша көп сынатыны да сіздер үшін белгілі. Орынды талаптарға сәйкес болуға, Қоғам қызметкерлерінің денсаулығын нығайтуға қажетті жұмыстарды одан әрі жетілдіруге тырыса беретін боламыз.

- Әзірбай Жүрсінбайұлы, уақыт боліп, мазмұнды сұхбат бергеніңізге рахмет! Істері тыңғылықты, дәрігер атына кір жуытпай, адал еңбекпен алғыстан алқа тағынып жүрген Сіздерге әрдайым абырой биігінен көріне беріңіз дейміз!

Лаура Жолдыбаева

Еңбекпен есейген Ерлер

Геолог күні – сәуірдің бірінші жексенбісі



МЕРЕКЕ ГЕОЛОГТАРДЫКІ

Мұнай өнеркәсібі сан түрлі мамандықтың басын біріктірген алып кешен. Оның ішінде әсіресе геология саласын айрықша атауға болады. Жер нәрін іздеп, жаңа кен көздерін ашып, мұнай қорын ұлғайтуда геологтардың еңбегі ерен. Міне, осы маңызды салада еңбек етіп жүрген Төрбек Әмірхан Төрбекұлы жас та болса ауыр жұмыстың жүгін арқалаған «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасындағы №4 мұнай және газ өндіру цехы бастығының геология жөніндегі орынбасары.



Әмірхан Төрбекұлы Маңғыстаудың төл перзенті. Ол 1985 жылы Маңғыстау ауданы, Шетпе кентінде дүниеге келді. Әкесі Төрбек Смағұлұлы Маңғыстау ауданының депутаты, бірнеше мәрте мемлекеттік марапаттарға ие болып, құрметке бөлінген инженер-құрылысшы болған азамат еді. Осыдан он жеті жыл бұрын өмірден озған әке орынын ойсыратпай балалары бір-бір шаңырақ көтерді. Анасын алақанында аялап отырған кенже ұл Әмірхан бала кезден мұнайшы болуды армандады, соның ішінде геолог мамандығын игеру. Арманы адастырмай Шетпе кентінен орта мектепті бітірісімен 2003 жылы Ақтау қаласында аялап отырған кенже ұл Әмірхан бала кезден мұнайшы болуды армандады, соның ішінде геолог мамандығын игеру. Арманы адастырмай Шетпе кентінен орта мектепті бітірісімен 2003 жылы Ақтау қаласындағы Ш.Есенов атындағы мемлекеттік университетке оқуға түседі. «Инженер-геолог» мамандығын игеріп жүрген балаң жігіт 2005 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты «Қаламқасмұнайгаз»

өндірістік басқармасында жүктеуші болып алғаш еңбек жолын бастайды. Еңбек пен білімді қатар алып жүрген мақсаты айқын, жігері жалынды жасты өндірістегі ауыртпалық мұқалтпай, қайта шындай түсті. Еңбек жолын жүктеуші қызметінен бастап мұнай және газ операторы, қатардағы техник-геолог, геолог, бүгінде №4 мұнай және газ өндіру цехы бастығының геология жөніндегі орынбасары лауазымына көтерілді. Кәсібі өзіне ұнайтын Әмірхан арайлап атқан әр күніне риза. Жұмыстарымен бір үйдің балаларындай тату.



«Біздің көздеген мақсатымыз бір - Компанияның дамуы, елдің өркендеуі, жердің гүлденуі. Геологиялық жұмыстың өзіндік ерекшеліктері бар. Мұнай қорын анықтап, өндіріс даласын зерттеу де осы мамандық иелерінің міндеті. Мереке қарсаңында «қара алтын» өндірісінде, оның ішінде барлау-геологиялық қызметтердің жолында жүрген барлық әріптестерімді құттықтаймын. Еңбектері еселене берсін», – деп тілек білдірді. Бүгінде төрт бала тәрбиелеп отырған әріптесіміз табысты еңбектің бүкіл жақсылық қызметтердің бастауы екенін біледі.


Ел мәртебесін асқақтатар геологиялық зерттеулер ісі әлі де жалғасары сөзсіз, оған 2020 жылы «Үздік геолог» атанған Әмірхандай жастар қашанда дайын!

Лаура Жолдыбаева

Полезный опыт

УЧЕНИЯ ПРОШЛИ ПО ПЛАНУ

«Эвакуация из здания производственного управления «Жетыбаймұнайгаз» при пожарной и сейсмоопасной обстановке» - такова тема учений, прошедших 26 марта в центральном офисе управления. В ходе маневров отработывались навыки службы безопасности и администрации здания при чрезвычайных ситуациях.



продемонстрировали хорошие навыки взаимодействия и взаимопонимания, кроме того, были проверены пути эвакуации при чрезвычайных ситуациях, средства сигнализации, оповещения и средства связи.

По сценарию охрана, получив сигнал о пожарной и сейсмоопасной обстановке, немедленно информирует начальника ПУ «Жетыбаймұнайгаз» о сложившейся ситуации, после чего руководство управления принимает решение о всеобщей эвакуации работников из здания. Далее в ходе учений весь персонал без паники был выведен на установленное безопасное место для переключки, а само здание обесточено. После эвакуации сотрудников, команда службы безопасности оперативно осмотрела рабочие кабинеты (чтобы проверить все ли покинули здание), а затем доложила о проведенных действиях руководству ПУ «Жетыбаймұнайгаз».

Организаторы отметили, что в целом учения прошли по плану, в ходе занятий сотрудники службы безопасности и работники управления





ЖЕР – ЖАҢАНЫҢ БАСТАУЫ – ӘЗ НАУРЫЗ!

Наурыз - көктем мен еңбектің, достық пен бірліктің мейрамы. Наурыз - қазақ халқының салт – дәстүрлерін құрметтейтін және осы ұлттық қасиеттерді жас ұрпақтың бойына сіңіріп ұлықтайтын ұлттық мейрам. Сондықтан Наурыз табиғаттың, Жер-Ананың, жердегі тіршіліктің мейрамы, күн мен түннің теселетін күні, жаңалық пен жақсылықтың бастау күні. Міне осындай адамдардың аузы аққа, мал аузы көкке тиіп, жер бетінің жасыл көйлегін киіп, әлемде шаттық орнаған жыл басын «Манғыстау-энергомұнай» ұжым жұмыскерлері «Көрісуден» бастады. Қаламқас, Жетібай кен орындардағы жұмысшылардың таң атысынан ежелгі үрдіспен үлкендерге кішілердің қол алысып, құшақ жая көрісулері, баталы ас қайтару көріністері еңбек адамдарына жыл басында жаңа серпіні, күші - қуат сыйлағандай.

Биылғы жаңа жыл басын «МЭМ» ЖШС жұмысшылары антисанитарлық шараларды қатаң сақтай отырып, ерекше көңіл күймен қарсылады. Күмбірге домбыра әуенінің ырғағынан ғимарат фойесінде жасақталған киіз үй шаңырағының шашбаулары



ырғала үндестік тапқандай. Жұмыс күнін қол алысып, құшақ жая көрісуден бастаған барша ұжым жұртшылығын Серіктестіктің Бас директоры Н.Р.Косбаев Амал мейрамымен құттықтады. Киіз үйдің тұс кілемшелері, оюланған кереге жапқыштары, сәнделіп төселген алаша, аққа толы оюлы зерен тостағандар үкіметтің қызмет үйін ұлттық нақыштағы мұражайға теңегендей. Осындай көтеріңкі күйдегі ұжым мүшелеріне ыстық бауырсақ, майлы ірімшік пен балқаймақ, бұрқыраған шұбатқа толы ақ дастархан дайындалды. Міне осындай жұмыс күнінің бастамасы ұжымның мүшелерінің бірлігі мен

ақ дастархан көңілдерін паш еткендей.

«Дастархан аққа, шаңырақ жаңға толсын!» деген ардагер Ш.Сламбек ақсақалдың ақ батасымен аяқталған «Көрісу» рәсімі ұжым мүшелерінің ұлттық нақыштағы киімдер дәстүрін жалғасты. Көздің жауын алатын ою – өрнектермен көмкерілген қазақ киіз - әйелдерінің және ерлердің киім үлгілерін жиналған дүйім көпшілік өздері анықтады. Жыл басын толағай табыстарға ырылдаған кәсіподақ ұйымы жеңімпаздарға арнайы жасақталған Сертификат пен ақшалай марапаттарды ұсынды. Амал мейрамының жалғасы ұжым мүшелерінің «Қош келдің, Әз Наурыз!» мейрамы

аптасына ұласты. Жұмыс аптасын ұлттық киімдерімен өткерген ұжым жұмыскерлері Наурыз мерекесі күнін тай қазанның көтерілуімен бастады. Биылғы жылғы Наурыз мерекесінің шашуларынан мекеме жұмысшыларының балалары да құр қалмады. «Наурызды біз өрнектейміз!» атты балалар сайысының жеңімпаздарын анықтау қиынға соқты. Түрлі-түсті қарандашпен, майлы бояумен Наурыз мейрамының ырғақтары салынған жас суретшілердің өнерлеріне жұртшылық риза болып баға берді.

Қай жылдың болмасын Наурыз мейрамы наурыз көжесі

өткен бе? Жыл басын аққа, молшылық пен ырысқа теңеген ұжым әкімшілігі дәмі тіл үйіретін Наурыз көжені дайындайтын аспаздар арасында сайыс жариялады. Өр кызметтен қатынасқан сайыс қатысушыларының қолдан дайындаған, әр адамның бойына қуат - әл беретін Наурыз көжелері тоқтық пен молшылықтың тіккен де аз емес. Сонан кейін ұжым мүшелеріне ұлы ас тартылып, ұжым ардагерлерінің ақ тілектері - баталары тыңдалды.

Адамзат тіршілігінің бастауы атанған Наурыз мерекесінен қуат алған ұжымның әрбір жұмысшысының өз қызметіне деген жауапкершілігі арта түскендей. Өткен 2020 жылды «0 – травматизммен» аяқтаған «Манғыстау-энергомұнай» ұжымы қазақ халқының ұлттық мейрамы – Наурызбен барша облыс жұртшылығын құттықтап, дендеріне саулық, шаңырақтарына амандық, еңбектеріне толағай ырыс тілейді. Көктемнің келуімен болашақтарыңыз жарқын, пейілдеріңіз кең болып, байтақ тәуелсіз еліміздің данқын арттыру жолындағы игі істеріңіз жаңа бастамаларға толсын, ұжымның бірлігі пен ынтымақтастығы артсын.

Р.С.Сарсенғалиева,
Әлеуметтік – әкімшілік тобының маманы

КЕРІ БАЙЛАНЫС

Munaily meken

Құрметті әріптестер!

Сіздер «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының басшылығына mm@kmg.kz электрондық мекенжайына хат жолдай отырып, өз сұрағыңызды қоя аласыз.

Ең маңызды сұрақтардың жауаптары «Munaily meken» газетінің әр санында жарияланып тұратын болады.

Кері байланыс қызметін пайдаланыңыз!

ОБРАТНАЯ СВЯЗЬ

Уважаемые коллеги!

Вы можете задать свои вопросы руководству Национальной компании «КазМунайГаз», направив письмо на электронный адрес mm@kmg.kz.

Ответы на самые интересные вопросы будут публиковаться в каждом номере «Munaily meken».

Пишите и получайте ответы!

